

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 65 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 1 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 4361.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 2-тармағының 23) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы екінші бөлігінің төртінші абзацының 17) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы № 655 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Монетарлық операциялар департаменті (Герасименко Ю.В.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бес күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.М.Сартбаевқа жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

"Келісілген"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

08.06.2006 ж.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2006 жылғы 25 шілдедегі
N 65 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидалары

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

1. Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 2-тармағының 23) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы екінші бөлігінің төртінші абзацының 17) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы № 655 қаулысына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын (бұдан әрі – Қор) сенімгерлік басқару кезінде инвестициялық операцияларды жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Ұлттық Банктің Қорды сенімгерлік басқару кезінде инвестициялық операцияларды жүзеге асыруының негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1) Қор активтерінің сақталуы;

2) Қор активтері өтімділігінің жеткілікті деңгейін ұстап тұру;

3) бірқалыпты тәуекел деңгейінде ұзақ мерзімді болашақта Қор активтері кірістілігінің жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Қор активтері кірістілігінің ұзақ мерзімді болашақта жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз ету кірістіліктің қысқа мерзімді ауытқуларын көздейді.

3. Қорды сенімгерлік басқару бойынша қызметке қаржы нарықтары туралы деректерді ұсынатын Bloomberg L.P., Reuters (Eastern Europe) Limited және басқа ақпараттық жүйелердің қызмет көрсетулерін сатып алу кіреді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Ұлттық Банк Басқармасы осы Қағидалардың ережелерін жылына кемінде бір рет талқылайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

2-тарау. Негізгі ұғымдар

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

5. Активтерді активтік басқару - портфель кірістілігі ауытқуының өзгермелілік мәні (tracking error) 2 (екі) пайыздан асатын басқару түрі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Негізгі валюта - Қор активтерін басқарудың кірістілігін бағалау мақсаттары үшін пайдаланылатын валюта.

7. Бағалы қағазды (портфельді) өтеуге қатысты кірістілік - кірісі белгіленген бағалы қағаздың (портфельдің) пайызбен көрсетілген және бағалы қағазды (портфельді) ол өтелгенге дейін сатып алған және сақтаған жағдайда алынатын кірістілігі. Бағалы қағазды (портфельді) өтеуге қатысты кірістілікті есептеу купон ставкасына, бағалы қағаздың (портфельдің) өтеу мерзіміне және нарықтық құнына негізделеді. Есептеу кезінде купондық төлемдерді бағалы қағазды (портфельді) өтеуге қатысты кірістілікке тең пайыздық ставка бойынша қайта инвестициялау болжанады.

8. Кірісі белгіленген бағалы қағаздың (портфельдің) дюрациясы - бағалы қағазды (портфельді) өтеуге қатысты кірістілік жоғарылаған/төмендеген жағдайда бағалы қағаздың (портфельдің) құны жуық шамамен қаншалықты төмендейтінін/жоғарылайтынын көрсететін көрсеткіш.

9. Кірістілік ауытқуының өзгермелілігі (tracking error) - портфельдің нарықтық тәуекелінің эталондық портфельге қатынасы бойынша портфель кірістілігінің эталондық портфель кірістілігінен ауытқу өзгермелілігін көрсететін негізгі көрсеткіші (tracking error).

10. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Кредиттік рейтинг – борыштық қаржы құралдары, эмитенттер, қарсы әріптестер бойынша кредиттік тәуекел деңгейінің халықаралық рейтингтік агенттіктер беретін көрсеткіші.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

14. Активтерді пассивтік (индекстік) басқару - портфель кірістілігі ауытқуының өзгермелілік мәні (tracking error) 0.5 (ноль бүтін оннан бес) пайыздан аспаған кездегі басқару түрі.

15. Өкілетті өкіл - Ұлттық Банк Басқармасының шешімімен белгіленетін, өкілеттіліктеріне Ұлттық Банктің атынан Қорды сенімгерлік басқару бойынша шешімдерді жедел қабылдау кіретін арнайы лауазымды тұлға (Ұлттық Банк Төрағасының орынбасарынан төмен емес деңгейде).

16. Портфель - қаржы құралдарының жинағы, оның ішінде Қордың ақшасы бар.

16-1. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16-2. Алтын портфельі – бұл мақсаты валютадағы активтердің халықаралық қаржы нарықтарындағы тартымдылығының ықтимал төмендеуінен сақтау және қорғау болып табылатын, ішкі және/немесе сыртқы алтыннан тұратын портфель.

Ескерту. Ереже 16-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Жинақ портфелі – бұл мақсаты тәуекел деңгейі тиісті болған кезде ұзақ мерзімді болашақта сақтау және кірістілікті қамтамасыз ету болып табылатын портфель. Жинақ портфеліне барлық түсімдер және жинақ портфелінен трансферттер тұрақтандыру портфелі арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

18. Тұрақтандыру портфелі – бұл мақсаты активтер өтімділігінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету болып табылатын портфель.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

19. Құрылымдық өнім – әр түрлі қаржы құралдарының бірігуі болып табылатын активтер мен міндеттемелердің жиынтығы.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Активтерді тактикалық бөлу (tactical asset allocation) – эталондық портфель және оның рұқсат етілген ауытқулары шеңберінде қаржы құралдарының түрлі кластарының үлесін қаржы құралдарының, оның ішінде туынды қаржы құралдарының портфеліне/портфелінен сатып алу/сату/аудару жолымен өзгерту. Портфель активтерін тактикалық бөлу портфельдің кірістілігін эталондық портфельмен салыстырғанда арттыру мақсатында жүргізіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Активтерге кепілге салынған бағалы қағаздар (ABS) - жылжымайтын мүлікті қоспағанда, активтер сатып алуға арналған заемдарға кепілге салынған, эмитент кепілдік берген борыштық міндеттемелер.

23. Жылжымайтын мүлікке кепілге салынған бағалы қағаздар (MBS) - жылжымайтын мүлік сатып алуға арналған заемдарға кепілге салынған, эмитент кепілдік берген борыштық міндеттемелер.

24. Эталондық портфель - стратегиялық мүдделерді көрсететін құралдар жинағы. Эталондық портфельдің кірістілігі активтерді басқарудың кірістілігін бағалау кезінде өлшем болып табылады. Эталондық портфель ретінде әлемдік жетекші қаржы компаниялары, не Ұлттық Банк әзірлеген және қадағалайтын индекстер пайдаланылады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.08.22 N 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

25. Дербес басқару - Ұлттық Банк басқаратын Қор активтерінің бір бөлігі.

26. Сыртқы басқару - Ұлттық қордың сыртқы басқарушылары басқаратын Қор активтерінің бір бөлігі.

26-1. Алтын депозит (салым) – келісілген пайыздық мөлшерлемеде белгілі бір кезеңге салынған металл шоттарындағы алтын салымы.

Ескерту. Ереже 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26-2. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26-3. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26-4. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26-5. Активтерді жетілдірілген индекстік басқару - кірістілік ауытқуының өзгермелілік мәні (tracking error) 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайыздан қоса алғанда 2 (екі) пайызға дейін болатын басқару түрі. Активтерді жетілдірілген индекстік басқаруда эталондық портфельдің негізгі көрсеткіштерінен бірқалыпты ауытқуы болжанады.

Ескерту. 26-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26-6. Басқарушылық бақылау - бір заңды тұлғаның шешімді тікелей және (немесе) жанама айқындау және (немесе) басқа заңды тұлғаның осындай заңды тұлғаға қатысуға (меншіктеуге) байланысты қабылдайтын шешімдеріне ықпал ету мүмкіндігі.

Ескерту. 26-6-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26-7. Компаниялар тобы - бірге бір заңды тұлғаның басқарушылық бақылауында болатын заңды тұлғалар, немесе бір заңды тұлға екінші заңды тұлғаның басқарушылық бақылауында болатын заңды тұлғалар.

Ескерту. 26-7-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26-8. Транзиттік портфель – кейіннен активтер бойынша төлемдерді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың (дүлей күш құбылыстары, соғыс қимылдары, төтенше жағдай) салдарынан Қағидалардың параметрлеріне сәйкес келмеуі туындаған, бұрын жинақ портфеліне сатып алынған Қордың осы активтерінен қалыптастырылатын уақытша портфель.

Ескерту. Қағида 26-8-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.10.2022 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Қордың портфельдерін басқару жөніндегі жалпы стратегия

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

27. Қордың активтері тұрақтандыру портфеліне және жинақ портфеліне бөлінеді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.08.2019 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Тұрақтандыру портфелінің ең жоғарғы мөлшері 10 (он) миллиард АҚШ долларын құрайды. Егер жылдың қорытындысы бойынша тұрақтандыру портфелінің мөлшері 10 (он) миллиард АҚШ долларынан асып кеткен жағдайда, аударым жасау күніне асып кеткен сомадан кем емес мөлшердегі қаражат тиісті жылдан кейінгі 1 (бір) тоқсан ішінде тұрақтандыру портфелінен жинақ портфеліне аударылады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28-1. Тұрақтандыру портфелінің ең төменгі мөлшері 5 (бес) миллиард АҚШ долларын құрайды. Егер әрбір тоқсанның қорытындысы бойынша тұрақтандыру портфелінің мөлшері 5 (бес) миллиард АҚШ долларынан кем болған жағдайда, аударым жасау күніне толықтыру үшін қажетті сомадан кем емес мөлшердегі қаражат тиісті тоқсаннан кейінгі 1 (бір) ай ішінде жинақ портфелінен тұрақтандыру портфеліне аударылады.

Ескерту. 3-тарау 28-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен

соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

29. Қаражат жетпеген жағдайда республикалық бюджетке Қордан кепілдік берілген және нысаналы трансферттерді алуды қамтамасыз ету үшін активтердің бір бөлігін жинақ портфельінен тұрақтандыру портфельіне аудару жүргізіледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

30. Қордың активтерін портфельдер арасында аудару, олардың түрі мен көлемі айқындалып өкілетті өкілдің тапсырмасымен Қағидалардың шеңберінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

31. Қордың активтерін басқарудың кірістілігін бағалау мақсаттары үшін оның негізгі валютасы АҚШ доллары болып саналады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2013 № 221 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

32. Қордың активтері инвестицияланатын қаржы құралдары Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық Банкпен бірлесіп айқындайтын Материалдық емес активтерді қоспағанда, рұқсат берілген қаржы құралдарының және олармен жасалатын мәмілелердің тізбесінде бекітіледі.

Осы Қағидаларда көзделген шектеулер Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің шешімдеріне сәйкес сатып алынған, кірістілік пен тәуекелдер көрсеткіштерін есептегенде ескерілмейтін қазақстандық қаржы құралдарына қолданылмайды.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2013 № 221 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

32-1. Сенімгерлік басқару кезінде активтерді активтік басқару, активтерді пассивтік басқару, активтерді жетілдірілген индекстік басқару қолданылады.

Ескерту. Ереже 32-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2013 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

33. Репо және кері репо операциялары А-1 (Standard&Poor's)/P1(Moody's) төмен емес қысқа мерзімді кредиттік рейтингтері бар және А- (Standard & Poor's)/A3 (Moody's)) төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтері бар қарсы әріптестермен жүзеге асырылады. Кері репо операцияларына арналған қамтамасыз ету нарықтық құны операция сомасының кемінде 100 (жүз) пайызын құрайтын, ең төменгі кредиттік рейтингі А+ (Standard&Poor's)/A1 (Moody's) төмен емес бағалы қағаздар болады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34. Шетел валютасындағы және алтын депозиттері (салымдар) А-1 (Standard&Poor's))/P1 (Moody's) төмен емес қысқа мерзімді кредиттік рейтингі бар және А (Standard& Poor's)/A2 (Moody's) төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар қарсы әріптестерде орналастырылады. Шетел валютасындағы депозиттердің (салымдардың) ең көп мерзімі - 1 (бір) ай. Алтын депозиттерінің (салымдарының) ең көп мерзімі Қағидалардың 56-11 тармағында көзделген.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

35. "Төлемге қарсы жеткізу" қағидаты бойынша мәмілелерді қарсы әріптестер (немесе кастодиандар) арасында активтерді бір мезгілде жеткізу кезінде олардың кредиттік рейтингіне шектеулерсіз жүзеге асырылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

35-1. Валютамен операциялар, осы Қағидалардың 35-3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, жинақ және тұрақтандыру портфельдерінің эталондық портфеліне кіретін елдердің валюталарын сатып алумен және сатумен шектеледі.

Ескерту. 35-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

35-2. Ақша қалдықтарын инвестициялау AAАm (Standard&Poor's)/AAA-mf (Moody's) рейтингі немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас рейтингі бар ақша нарығының қорларына не AAАm (Standard&Poor's)/AAA-mf (Moody's) рейтингі немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас рейтингі бар қорларға

қойылатын барлық талаптарды орындайтын ақша нарығының қорларына жүзеге асырылады.

Ақша нарығының қорларына инвестицияланған активтердің ең жоғары көлемі Ұлттық Банктің немесе сыртқы басқарушылардың басқаруындағы тиісті портфель активтерінің нарықтық құнының 10 (он) пайызынан аспайды. Ақша нарығының қорларына инвестициялау мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) ақша нарығының қоры активтерінің көлемі 3 000 000 000 (үш миллиард) АҚШ долларынан кем емес;

2) ақша нарығы қорының жұмыс тәжірибесі 5 (бес) жылдан кем емес;

3) ақша нарығының қорларына инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының ең төменгі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтері тиісінше А- және А-1 (Standard&Poor's)/А3 және Р-1 (Moody's) немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингінен төмен емес;

4) ақша нарығының қоры активтерінің 90 (тоқсан) пайызынан кем емес: АҚШ үкіметі шығарған, АҚШ долларында номинирленген АҚШ ақша нарығының қаржы құралдарына, сондай-ақ олармен репо операцияларына;

Еуроаймақ құрамына кіретін елдердің үкіметтері шығарған немесе кепілдік берген, еуроға номинирленген А- (Standard & Poor's)/А3 (Moody's) төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингі бар ақша нарығының құралдарына, сондай-ақ олармен репо операцияларына инвестицияланады.

Ескерту. 35-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2009.01.28 N 6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

35-3. "Жаппай активтік акциялар" және "Активтерді жаппай тактикалық бөлу" мандатының үлгілері үшін акциялар портфелінің эталондық портфеліне кірмейтін акцияларға және валюталарға портфель активтерінің 10 (он) пайызын инвестициялауға рұқсат етіледі.

Ескерту. 35-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2009.11.30 N 107 (15.12.2009 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

35-4. Мемлекеттік бағалы қағаздың кредиттік рейтингі болмаған жағдайда мемлекеттік бағалы қағазға кредиттік рейтинг берілгенге дейін эмитент-елдің тәуелсіз рейтингі қолданылады.

Ескерту. 35-4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

35-5. Қор активтерінің кірістілігін арттыру мақсатында Қағидалардың 8-1-тарауына сәйкес кепіл арқылы бағалы қағаздарды қарызға беру (securities lending) бойынша операцияларды жүзеге асыруға рұқсат беріледі.

Ескерту. 3-тарау 35-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

35-6. Қордың портфельдері үшін Қағидаларда көзделген шектеулер транзиттік портфельде орналастырылған активтерге қолданылмайды.

Ескерту. Қағида 35-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.10.2022 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-тарау. Тұрақтандыру портфелінің негізгі өлшемдері

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

36. АҚШ қазынашылығының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарының кең индексіне кіретін бағалы қағаздардан тұратын индекс (ICE BofA US Treasury Bill Index) тұрақтандыру портфелінің эталондық портфелі болып табылады.

Ұлттық Банк тұрақтандыру портфелінің кірістілік пен тәуекел көрсеткіштерін күн сайын есептейді.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37. Тұрақтандыру портфелі кредиттік рейтингі А-(Standard&Poor’s)/А3 (Moody’s) төмен емес елдердің өтімділігі жоғары активтерінен тұрады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

38. Тұрақтандыру портфелінің секторлық бөлінуі осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

39. Корпоративтік бағалы қағаздар эмитенттерінің тұрақтандыру портфелінде АА (Standard&Poor’s)/ Аa2 (Moody’s) төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтері болады.

Тұрақтандыру портфеліндегі коммерциялық бағалы қағаздардың және депозиттік сертификаттардың А-1 (Standard&Poor's) / Р-1 (Moody's) төмен емес қысқа мерзімді кредиттік рейтингтері болады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Бағалы қағазды өтеудің ең көп мерзімі 10 (он) жылдан аспайды.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41. Тұрақтандыру портфелі қаржы құралдарының орташа алынған өтеу мерзімі 1 (бір) жылдан аспайды.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Тұрақтандыру портфелі активтерінің 50 (елу) пайыздан аспайтын мөлшерін сыртқы басқаруға беріледі.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. Тұрақтандыру портфелі активтерінің валюталық бөлуге қатысты ең көп дегенде 50 (елу) пайызын жинақ портфелінің индекстеріне кіретін елдердің АҚШ долларынан басқа валюталарда деноминирленген активтерге инвестицияланады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5-тарау. Жинақ портфелінің өлшемдері

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

1-параграф. Жинақ портфелінің негізгі өлшемдері

Ескерту. 1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

44. Жинақ портфелі облигациялар портфеліне, акциялар портфеліне, балама құралдар портфеліне және алтын портфеліне бөлінеді.

Облигациялар портфелі дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелінен, дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелінен және корпоративтік облигациялар портфелінен тұрады.

Балама құралдар портфелі жаһандық балама құралдар портфелінен, ашық инвестициялық әріптестік портфелінен және шетелдік цифрлық активтер портфелінен тұрады.

Жаһандық балама құралдар портфелі балама инвестициялардың кең спектрін қамтиды және жекелеген аймақтарға, секторларға немесе инвестициялық тақырыптарға сілтеме жасамай қалыптасады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44-1. Облигациялар портфелінің кемінде 20 (жиырма) пайызын инвестициялауды Қордың активтерін сыртқы басқарушылар жүзеге асырады.

Ескерту. 1-параграф 44-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44-2. Жинақ портфелінің құрылымында транзиттік портфельді жасауға жол беріледі

Транзиттік портфельді бағалы қағаздарды сатып алу арқылы толықтыруға жол берілмейді.

Транзиттік портфельді басқарудың мақсаты үстеме кірісті алу болып табылмайды.

Ескерту. Қағида 44-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.10.2022 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44-3. Жинақ портфелін басқару тиімділігін бағалау ұзақ мерзімді перспективада сырғымалы бағалау әдісімен (rolling window) 5 (бес), 10 (он) жылдық мерзімдегі кезеңдерде және жинақ портфелін басқару басталғаннан бері жүргізіледі.

Ескерту. Қағида 44-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

45. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

46. Жинақ портфелінің активтерін нысаналы стратегиялық бөлу осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Жинақ портфелінің активтерін нысаналы стратегиялық бөлуге кері қайту күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күні жүзеге асырылады.

Әрбір есепті жылдың қорытындысы бойынша активтердің кез келген сыныбы есепті жылдан кейінгі жылдың алғашқы 2 (екі) айында (қаңтар және ақпан) 3 (үш) пайызға ауытқыған жағдайда, активтер сыныбының үлесі есепті жылдан кейінгі жылғы бірінші тоқсанның соңына дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес жинақ портфелінің активтерін нысаналы стратегиялық бөлуге дейін жеткізіледі.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

47. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

1-1-параграф. Өтпелі кезеңнің жинақ портфелінің негізгі өлшемдері

Ескерту. 1-1-параграф алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-параграф. Дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінің өлшемдері

Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

48. Дамыған елдердің өтімділігі жоғары мемлекеттік облигацияларының кең индексіне кіретін бағалы қағаздардан тұратын композиттік индекс (ICE BofA Global Government Index, ICE BofA Global Inflation-Linked Government Index) дамыған елдердің белгіленген кірістілігі бар мемлекеттік облигациялары портфелі үшін эталондық портфель болып табылады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.10.2025 № 61 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49. Портфельдің дюрациясы эталондық портфель дюрациясынан +30/-40 (плюс отыз/минус қырық) пайыз шегінен аспайды.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Дамыған елдердің мемлекеттік облигациялар портфелінің секторлық бөлінуі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50-1. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51. Бағалы қағаздардың ең төменгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі – ВВВ (Standard&Poor's)/ Baa2 (Moody's).

Дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларының портфеліндегі жеке басқарушы портфельдегі корпоративтік бағалы қағаздарға ұзақ мерзімді кредиттік рейтинг (Standard&Poor's/Moody's) бойынша лимиттер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Коммерциялық бағалы қағаздардың және депозиттік сертификаттардың ең төменгі қысқа мерзімді кредиттік рейтингі – А-3 (Standard&Poor's)/ P-3 (Moody's).

Эталондық портфельге кірмейтін дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары, агенттік борыштық міндеттемелер, эталондық портфельге кіретін елдердің муниципалдық борыштық міндеттемелері, АА- (Standard&Poor's)/Aa3 (Moody's) және одан төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелері портфеліндегі ең жоғары ауытқулар осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Муниципалды борыштық міндеттемелер мемлекеттік кепілмен қамтамасыз етіледі.

Жылжымайтын мүлікке кепілдікке берілген бағалы қағаздар (MBS) және активтерге кепілдікке берілген бағалы қағаздар (ABS) ААА-дан ВВВ-ға дейін (Standard&Poor's) немесе Ааа-дан Вaa2-ға дейін (Moody's) кредиттік рейтингтері бар.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

51-1. Дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары портфелі кірістілігінің ауытқуының күтілетін өзгермелілігі (ex-ante tracking error) оған кіретін туынды қаржы құралдарын есепке ала отырып, жылдық 2 (екі) пайыздан аспайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шектеу асып кеткен жағдайда Ұлттық Банк оны асып кеткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен артық емес мерзімде жояды.

Ескерту. Қағида 51-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2-1-параграф. Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінің өлшемдері

Ескерту. 5-тарау 2-1-параграфпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-2. Дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі:

1) дамушы нарықтардың мемлекеттік облигацияларының кең индексіне (ICE BofA US Emerging Markets External Sovereign Index, ICE BofA Emerging Markets Corporate Plus Index, ICE BofA US Emerging Markets External Debt Sovereign & Corporate Plus Index) кіретін бағалы қағаздардан тұратын эталондық портфельді қолдана отырып, дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінен тұрады.

Дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі үшін эталондық портфелінде экспорттағы мұнай үлесі 80 (сексен) пайыздан асатын елдердің облигациялары қамтылмайды;

2) көлемі жинақ портфелінің 1 (бір) пайызынан аспайтын эталондық портфельді қолданбай, Қытай юаніндегі портфельден тұрады.

Ескерту. 51-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-3. Дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының портфелі үшін мынадай талаптар қолданылады:

1) дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінің бағалы қағаздарының ең төменгі кредиттік рейтингі BB (Standard&Poor's)/Ba2 (Moody's) деңгейіне немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингіне сәйкес келеді.

Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінің бағалы қағаздары үшін 2 (екі) және одан да көп кредиттік рейтинг болған кезде ең төменгі кредиттік рейтинг олардың ең төменгісі ретінде айқындалады.

Егер бағалы қағаз бойынша кредиттік рейтингтің мәні ең төменгі кредиттік рейтингтен төмен түссе, Ұлттық Банк нарықтың ағымдағы конъюнктурасын ескере отырып, бағалы қағаз бойынша ең төмен кредиттік рейтингтің мәні төмендеген күннен бастап 2 (екі) айдан аспайтын мерзімде осы бағалы қағаз бойынша позицияны жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

2) осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес жеке басқарушының дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелін секторлық бөлу.

Ескерту. 51-3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-4. Эталондық портфельді қолдана отырып, дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелі үшін мынадай талаптар қолданылады:

1) Ұлттық Банк экспорттағы мұнайдың кемінде 80 (сексен) пайыз мөлшерде үлесі бар елдің облигацияларын индексі құрамынан алып тастауды кемінде жылына 1 (бір) рет жүзеге асырады;

2) эталондық портфельге кіретін бір эмитент-елдің бағалы қағаздарының үлесі дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелі көлемінің 20 (жиырма) пайызынан аспайды;

3) эталондық портфельге кірмейтін бір эмитент-елдің бағалы қағаздарының үлесі дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелі көлемінің 5 (бес) пайызынан аспайды;

4) дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелінің дюрациясы эталондық портфель дюрациясының +30/-40 (плюс отыз/минус қырық) пайызы шегінен аспайды;

5) дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелі кірістілігінің ауытқуының күтілетін өзгермелілігі (ex-ante tracking error) оған кіретін туынды қаржы құралдарын есепке ала отырып, жылдық 4 (төрт) пайыздан аспайды.

Осы тармақтың 5) тармақшасында көзделген шектеу асып кеткен жағдайда Ұлттық Банк оны асып кеткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен артық емес мерзімде жояды.

Ескерту. 51-4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-5. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-6. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-7. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-8. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-9. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-2-параграф. Корпоративтік облигациялар портфелінің өлшемдері

Ескерту. 5-тарау 2-2-параграфпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-10. Корпоративтік облигациялардың кең индексіне кіретін бағалы қағаздардан тұратын индекс (ICE BofA Global Corporate & High Yield Index) корпоративтік облигациялар портфелі үшін эталондық портфель болып табылады.

Корпоративтік облигациялар портфелі үшін эталондық портфельде парниктік газдар шығарындыларының деңгейі жоғары компаниялар, көмір өндіруші компаниялар және темекі өнімдерін өндірушілер шығаратын бағалы қағаздар қамтылмайды.

Ескерту. 51-10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-11. Корпоративтік облигациялар портфелінің бағалы қағаздарының ең төменгі кредиттік рейтингі BB (Standard&Poor's)/Ba2 (Moody's) деңгейіне немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингіне сәйкес келеді.

Корпоративтік облигациялар портфелінің бағалы қағаздары үшін 2 (екі) және одан да көп кредиттік рейтинг болған кезде ең төменгі кредиттік рейтинг олардың ең азы ретінде айқындалады.

BB (Standard&Poor's)/Ba2 (Moody's) кредиттік рейтингі немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингі бар корпоративтік облигациялар портфеліндегі бағалы қағаздардың үлесі корпоративтік облигациялардың эталондық портфеліндегі BB (Standard&Poor's)/Ba2 (Moody's) кредиттік рейтингі немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингі бар бағалы қағаздардың үлесінен 1 (бір) пайыздан артық аспайды.

Егер бағалы қағаз бойынша кредиттік рейтингтің мәні ең төмен кредиттік рейтингтен төмендейтін болса, Ұлттық Банк нарықтың ағымдағы конъюнктурасын ескере отырып, бірақ бағалы қағаз бойынша ең төмен кредиттік рейтингтің мәні төмендеген күннен бастап 1 (бір) айдан аспайтын мерзімде осы бағалы қағаз бойынша позицияны жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

Ескерту. 51-11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-12. Корпоративтік облигациялар портфелінің дюрациясы эталондық портфельдің дюрациясынан +30/-40 (плюс отыз/минус қырық) пайыз шегінен аспайды.

Ескерту. 51-12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51-13. Корпоративтік облигациялар портфелін секторлық бөлу осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

51-14. Корпоративтік облигациялар портфелі кірістілігінің ауытқуының күтілетін өзгермелілігі (ex-ante tracking error) оған кіретін туынды қаржы құралдарын есепке ала отырып, жылдық 4 (төрт) пайыздан аспайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шектеу асып кеткен жағдайда Ұлттық Банк оны асып кеткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен артық емес мерзімде жояды.

Ескерту. 51-14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-параграф. Акциялар портфелінің өлшемдері

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

52. Жаһандық акциялар нарығының кең индексіне (MSCI World Index) кіретін бағалы қағаздардан тұратын индекс акциялар портфелі үшін эталондық портфель болып табылады.

Пассивті басқарудағы акциялар портфелі үшін эталондық портфель MSCI World ESG Index құрамына кіретін бағалы қағаздардан тұратын индексті қамтиды.

Салықтарды есепке алмағанда дивидендтерді қайта инвестициялау ескерілген индекстің кірістілігі күн сайын есептелетін акциялар портфелі үшін эталондық портфель кірістілігінің көрсеткіші болып табылады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

53. Жинақ портфелінің акциялары портфелінің активтері (бұдан әрі - акциялар портфелі) жай және артықшылықты акцияларға, акциялар портфелінің эталондық портфелінде негізге алынатын немесе оның құрамдас секторларындағы индекстерге, туынды қаржы құралдарына, сондай-ақ ақшаға инвестицияланады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. Дербес басқарудағы акциялар портфелінің активтері Қағидалардың 53-тармағында аталған қаржы құралдарына инвестицияланады, сондай-ақ өтеу мерзімі 1 (бір) жылға дейінгі мемлекеттік бағалы қағаздар мен депозиттерге инвестициялауна және репо операцияларын жасауына жол беріледі.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

55. Акциялар портфелінің активтік басқарудағы үлесі акциялар портфелінің 50 (елу) пайызынан аспайды.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

55-1. Акциялар портфелінің нарықтық құнының кемінде 80 (сексен) пайызын инвестициялау Қордың активтерін сыртқы басқарушылардың көмегімен жүзеге асырылады.

Ұлттық Банк жүзеге асыратын акциялар портфелін хеджирлеуге арналған туынды қаржы құралдары осы тармақтың бірінші бөлігінде айқындалған лимитті есептеуде ескерілмейді.

Ескерту. 55-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2009.11.30 N 107 (15.12.2009 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

55-2. Ұлттық Банк туынды қаржы құралдарының көмегімен жүзеге асыратын акциялар портфелін хеджирлеу шығындарды барынша азайту және (немесе) акциялар портфелін жинақ портфелінің активтерін нысаналы стратегиялық бөлуге жақындату үшін жүргізіледі.

Мәмілелер жасасу кезінде Ұлттық Банк жүзеге асыратын акциялар портфелін хеджирлеуге арналған туынды қаржы құралдары бойынша барлық позициялардың абсолюттік мәндеріндегі номиналды құндарының сомасы акциялар портфелінің нарықтық құнының 100 (бір жүз) пайызынан аспайды.

Ұлттық Банк жүзеге асыратын акциялар портфелін хеджирлеуге арналған туынды қаржы құралдары кірістілік ауытқуының күтілетін өзгермелілігін есептеуде ескерілмейді.

Ескерту. Қағида 55-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

55-3. Активтік басқарудағы акциялар портфелінің кірістілігі ауытқуының күтілетін өзгермелілігі (ex-ante tracking error) оған кіретін туынды қаржы құралдарын есепке алғанда жылдық 7 (жеті) пайыздан аспайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген шектеу асып кеткен жағдайда Ұлттық Банк оны асып кеткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен артық емес мерзімде жояды.

Ескерту. Қағида 55-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56. Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.08.22 N 65 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

4-параграф. Баламалы құралдар портфелі

Ескерту. Қағида 4-параграфпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

56-1. Жаһандық балама құралдар портфелі кірістілігінің нысаналы деңгейі АҚШ долларымен өлшенетін, 80 (сексен) пайызы MSCI ACWI IMI Net Total Return USD Index индексінен және 20 (жиырма) пайызы Bloomberg Global-Aggregate Total Return Index Value Hedged USD индексінен тұратын композиттік индекстің кірістілігі (портфель референсі) болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген композиттік индексте (портфель референсі) эталондық бөлуге кері қайтару күнтізбелік тоқсанның соңғы жұмыс күні жүзеге асырылады.

Бұл ретте жаһандық балама құралдар портфелі, сондай-ақ ашық инвестициялық әріптестік портфелі үшін ұзақ мерзімді кірістіліктің ең төменгі деңгейі 5 (бес), 10 (он) және 15 (он бес) жыл мерзімдегі кезеңдер үшін сырғымалы бағалау (rolling window) әдісімен есептелетін US Consumer Price Index (CPI YOY) + 3 (үш) пайыздық мәні болып табылады.

Шетелдік цифрлық активтер портфелін басқарудың және ашық инвестициялық әріптестіктің тиімділігін бағалау портфель референсіне қатысты жүргізілмейді.

Шетелдік цифрлық активтер портфелін басқару тиімділігін бағалау жыл сайынғы негізде жүзеге асырылады. Шетелдік цифрлық активтер портфелін басқару нәтижелері "Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Корпорация) Директорлар кеңесі бекітетін эталондық портфельдің кірістілігі мен тәуекел көрсеткіштеріне қатысты бағаланады.

Ескерту. 56-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-2. Баламалы құралдар портфелінің мақсаты ұзақ мерзімді перспективада активтердің кірістілігін қамтамасыз ету және Қор активтерін әртараптандыру болып табылады. Баламалы құралдар портфелінің мақсатына сәйкес оның тиімділігін бағалау 15 (он бес) жылдан асатын кезеңге жүзеге асырылады.

56-3. Корпорация балама құралдар портфелін сыртқы басқаруды жүзеге асырады.

Инвестициялық жобаларды талдау және басқару үшін ашық инвестициялық әріптестік бағдарламасы шеңберінде Корпорация 2 (екі) миллиард АҚШ долларынан кем емес активтерді басқаратын және инвестициялау тәжірибесі 10 (он) жылдан кем емес халықаралық басқарушыларды тартады.

Ескерту. 56-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-4. Жаһандық балама құралдар портфеліндегі инвестициялар осы Қағидаларда белгіленген шектеулер ескеріле отырып жүзеге асырылады. Жаһандық балама құралдар портфелін активтер сыныптары бойынша секторлық бөлу осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес белгіленген секторлық бөлу бұзылған жағдайда, жаһандық балама құралдар портфелін соңғы есепті кезеңдегі жаһандық балама құралдар көлемінің 100 (бір жүз) пайызынан кем мөлшердегі сомаға жаһандық балама құралдар портфелін толықтыру салдарынан және (немесе) жаһандық балама құралдар портфелі активтерінің құнын өзгерту және (немесе) жаһандық балама құралдар портфелінен активтерді алып қою нәтижесінде жаһандық балама құралдар портфелі бұзылған сәттен бастап 1 (бір) жыл ішінде белгіленген бөлуге сәйкес келтіріледі.

Осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес белгіленген секторлық бөлу бұзылған жағдайда, жаһандық балама құралдар портфелін соңғы есепті кезеңдегі жаһандық балама құралдар көлемінің 100 (бір жүз) пайызынан астам сомаға толықтыру салдарынан жаһандық балама құралдар портфелі бұзушылық жасалған сәттен бастап 3 (үш) жыл бойы жарамды транзиттік кезең ішінде белгіленген бөлуге сәйкес келтіріледі.

Транзиттік кезең ішінде жаһандық балама құралдар портфелі осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес портфельдің референс параметрлеріне қатысты бағаланады.

Балама құралдар портфелінің көлемі Қордың активтерін балама құралдар портфеліне ауыстыру кезінде жинақ портфелінің активтері көлемінің 10 (он) пайызынан аспайды.

Ашық инвестициялық әріптестік портфелін толықтырудың жиынтық көлемі 1 (бір) миллиард АҚШ долларынан аспайды.

Балама құралдар портфеліндегі шетелдік цифрлық активтер портфелінің нарықтық құны балама құралдар портфелінің 30 (отыз) пайызынан аспайды.

Ескерту. 56-4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-5. Балама құралдар портфелінің активтері мынадай балама құралдарға:

1) жеке капиталға;

- 2) хедж-қорларға;
- 3) жылжымайтын мүлікке;
- 4) инфрақұрылымға;
- 5) жеке борышқа инвестицияланады.

Ескерту. 56-5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-6. Балама құралдар портфелінің активтерін "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін материалдық емес активтерді қоспағанда, рұқсат етілген қаржы құралдарының және олармен жасалатын мәмілелердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 21 мамырдағы № 353 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін материалдық емес активтерді қоспағанда, рұқсат етілген қаржы құралдарының және олармен жасалатын мәмілелердің тізбесінде көзделген өзге қаржы құралдарына инвестициялауға рұқсат етіледі.

Ескерту. 56-6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-7. Бірлескен инвестицияларды, қорлардың қорларына (fund of funds) инвестицияларды және қорларға тікелей инвестициялау жолымен жүзеге асыру үшін арнайы мақсаттағы компаниялардың (special purpose vehicle) акцияларын және (немесе) үлестерін сатып алу арқылы инвестициялауға рұқсат етіледі.

Ескерту. 56-7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5-параграф. Алтын портфелінің өлшемдері

Ескерту. 5-1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.08.2019 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Ереже 5-1-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

56-8. Алтын портфелі:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығында (филиалында) (бұдан әрі - Орталық) сақталатын құйма түріндегі ішкі алтыннан;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде ашылған метал шоттарға орналастырылған құйма түріндегі сыртқы алтыннан тұрады.

Ескерту. 56-8-тармаққа орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тілде мәтін өзгермейді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-9. Валютадағы активтерді сақтау және халықаралық қаржы нарықтарындағы тартымдылығын ықтимал төмендеуден қорғау алтындағы активтерді басқару мақсаты болып табылады. Үстеме кірістілік алу алтындағы активтерді басқарудың мақсаты болып табылмайды.

56-10. Алтын портфелінің көлемі Қордың активтерін алтын портфеліне аудару сәтінде жинақ портфелі активтері көлемінің 5 (бес) пайызынан аспайды.

Ескерту. 56-10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.08.2019 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-11. Активтермен қамтамасыз етілмеген алтындағы депозиттің (салымның) ең көп мерзімі 1 (бір) жылдан аспайды.

Активтермен қамтамасыз етілген алтындағы депозиттің (салымның) ең көп мерзімі 5 (бес) жылдан аспайды.

Қамтамасыз ету ретінде осы Қағидаларда инвестициялау үшін рұқсат етілген, ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі AA-(Standard&Poor's)/Aa3(Moody's) және одан жоғары болатын мемлекеттік бағалы қағаздар болады.

56-12. Алтынды Орталықтағы шоттарға есептей отырып оны ішкі нарықта сатып алған кезде бұл алтын Қордың ішкі алтын позицияларына жатады, ал оны Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде ашылған шоттарға есептеген кезде Қордың сыртқы алтынының позицияларында есепке алынады.

56-13. Сыртқы алтынның көлемінен 25 (жиырма бес) пайызға дейін AAA(Standard&Poor's) немесе Aaa (Moody's) төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар және өтеу мерзімі 10 (он) жылдан аспайтын алтынның бағасына байланысты бағалы қағаздарға инвестициялауға жол беріледі.

6-тарау. Сыртқы басқарушыларды таңдау кезіндегі шектеулер

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

57. Ұлттық Қордың сыртқы басқарушыларын таңдау тәртібін Ұлттық Банктің Басқармасы айқындайды.

7-тарау. Кастодиандарды таңдау кезіндегі шектеулер

Ескерту. 7-тарау алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8-тарау. Құрылымдық өнімдерді пайдалану

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

63. Құрылымдық өнімдерді тәуекелдерді хеджирлеу және кірістілікті ұлғайту үшін пайдаланады.

Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

63-1. Сатып алуға эмитенттің А+ (Standard&Poor's)/А1 (Moody's) төмен емес рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары және тәуелсіз агенттіктер эмиссиялайтын құрылымдық өнімдер сатып алуға жол беріледі.

Ескерту. 63-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

63-2. Ақша ағындары және (немесе) өтеудің негізгі сомасы валюталық, шикізат нарықтарына және (немесе) акциялар нарықтарына не кредиттік оқиғаларға байланысты құрылымдық өнімдерді сатып алуға жол берілмейді.

Ескерту. 63-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

63-3. Егер құрылымдық өнім бойынша нарықтық қайта бағалау болса, құрылымдық өнімді сатып алуға жол беріледі.

Ескерту. 63-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

64. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

65. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

66. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

67. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

68. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

69. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

70. Құрылымдық өнімдерге қолданылатын шектеулер MBS-қа және ABS-қа қолданылмайды.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8-1-тарау. Бағалы қағаздарды кепіл арқылы қарызға беру (securities lending)

Ескерту. 8-1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қағида 8-1-тараумен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

70-1. Кепіл арқылы бағалы қағаздарды қарызға беру операциялары (securities lending) кастодиан бағалы қағаздарды қарызға алушы ретінде әрекет ететін немесе кастодианмен бірге компаниялар тобына кіретін заңды тұлға қарызға алушы ретінде әрекет ететін кастодиандардың бағдарламаларына сәйкес кастодианның қарызға кепіл арқылы берілген бағалы қағаздардың құнын қайтару немесе өтеу талаптарында жүзеге асырылады.

Ескерту. 70-1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

70-2. Мәміле ашылған сәтте нарықтық құны кепіл арқылы қарызға берілетін (securities lending) бағалы қағаздың нарықтық құнының 102 (бір жүз екі) пайызынан кем

болмайтын, ең аз кредиттік рейтингі А+ (Standard&Poor's)/А1 (Moody's) төмен емес немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің осыған ұқсас кредиттік рейтингі бар бағалы қағаздар кепіл арқылы бағалы қағаздарды қарызға беру (securities lending) операциялары бойынша кепіл ретінде қабылданады.

Кепіл арқылы бағалы қағаздарды қарызға беру (securities lending) операциялары бойынша кепіл ретінде жылжымайтын мүлік (MBS) және активтер кепілімен бағалы қағаздар (ABS), тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің валюталарынан басқа валюталармен номинирленген бағалы қағаздар қабылданбайды.

Тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің валюталарындағы ақша қарыз алушының Ұлттық Банкке бағалы қағаздарды кепілге беруі үшін қажетті мерзімге кепіл ретінде қабылданады.

Тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің валюталарындағы ақша да қарыз алушы Ұлттық Банктің қарызға берген бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттемелерін орындамаған жағдайда Ұлттық Банк алдындағы өз міндеттемелерін орындау үшін қарыз алушы Ұлттық Банкке балама бағалы қағаздарды бергенге дейінгі мерзімге не қарыз алушының Ұлттық Банк алдындағы өз міндеттемелерін тараптардың келісімі бойынша өзге тәсілмен орындағанға дейінгі мерзімге кепіл ретінде қабылданады. Балама бағалы қағаздар деп қарызға берілген бағалы қағаздар сол эмитентінің, сол шығарылымдағы және номиналдық құны (облигацияларға қатысты) немесе саны (акцияларға қатысты) сондай бағалы қағаздары түсініледі.

Ескерту. 70-2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

70-3. Кепіл арқылы бағалы қағаздарды қарызға беру (securities lending) бойынша операциялар күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге жасалады.

Ескерту. 70-3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

70-4. Кепіл арқылы бағалы қағаздарды қарызға беру (securities lending) Ұлттық Банктің меншікті басқаруындағы активтерге, сондай-ақ сыртқы басқаруға берілген активтерге де қатысты рұқсат етіледі.

Ескерту. 70-4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9-тарау. Есептілік

Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

71. Ұлттық Банк тоқсан сайын және жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ұлттық Банктің Басқармасы бекіткен Қорды сенімгерлік басқару нәтижелері туралы есепті ұсынады.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2009.11.30 N 107 (15.12.2009 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

10-тарау. Кредиттік тәуекел лимиттері

Ескерту. Ереже 10-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

72. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

72-1. Контрәріптестермен операциялар контрәріптестердің кредитке қабілеттілігін ескере отырып, кредиттік лимиттері шеңберінде жүргізіледі.

Ескерту. Қағида 72-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

73. Бағалы қағаздардың ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі осы Қағидаларда белгіленген деңгейден төмен түсірілген жағдайда, рейтинг төмендетілген күннен бастап 6 (алты) ай ішінде осы позициялар мен мәмілелерді осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру бойынша шаралар қабылданады.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

74. Ең төменгі кредиттік рейтингі BBB- төмен емес деңгейге (Standard&Poog's)/Baa3 (Moody's) немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас кредиттік рейтингіне сәйкес келетін контрәріптестер сыртқы басқаруға берілген активтермен операцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
қорының инвестициялық
операцияларын
жүзеге асыру ережесіне
1-қосымша

Кредиттік рейтингтер

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.11.2014 № 223 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Standard & Poor's	Moody's
Ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтер	
AAA	Aaa
AA+	Aa1
AA	Aa2
AA-	Aa3
A+	A1
A	A2
A-	A3
BBB+	Baa1
BBB	Baa2
Қысқа мерзімді кредиттік рейтингтер	
A-1+, A-1	P-1
A-2	P-2
A-3	P-3

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларына 2-қосымша

Турақтандыру портфелінің секторлық бөлінуі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.04.2022 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

P/c №	Активтер түрі	Нарықтық құны (туынды қаржы құралдары үшін олардың негізінде жатқан қаржы құралдарының нарықтық құны пайдаланылады)	
		ең төменгі (пайызбен анықталады)	ең жоғарғы (пайызбен анықталады)
		2	3
1	Ақша (ағымдағы шоттардағы қалдықтар; келесі жұмыс күні қайтару мүмкіндігімен ақша нарығы қорларына орналастырылған қаражат), эталондық портфелге кіретін елдердің мемлекеттік бағалы қағаздары	50	100

2	Эталондық индекске кірмейтін елдердің мемлекеттік бағалы қағаздары, агенттік борыштық міндеттемелер, Халықаралық есеп айырысу Банкін қоса алғанда халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелері, эталондық портфельге кіретін елдердің муниципалдық борыштық міндеттемелері	0	50
3	Депозиттер (салымдар), оның ішінде репо операцияларынан депозиттерге (салымдарға) орналастырылған ақша	0	50
4	Туынды қаржы құралдары	0	20
5	Корпоративтік бағалы қағаздар, коммерциялық бағалы қағаздар, депозиттік сертификаттар	0	30

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының
инвестициялық операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
2-1-қосымша

Жиілік портфелі активтерінің нысаналы стратегиялық бөлінуі

Ескерту. Қағидалар 2-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

р/с №	Портфель атауы	Балама құралдар портфелін қалыптастырғанға дейін (пайызбен)	Балама құралдар портфелін қалыптастырғаннан кейін (пайызбен)
1	2	3	4
1	Облигациялар:	65	50
1.1	дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары	34	19

1.2	дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары	21	21
1.3	корпоративтік облигациялар	10	10
2	Акциялар	30	35-40
3	Балама құралдар	0	5-10
4	Алтын	5	5

Ескертпе: 4-бағанның 2 және 3-жолдары бойынша балама құралдар мен акциялардың бірлескен үлесі 45 (қырық бес) пайыздан аспаған жағдайда балама құралдар портфелін ауыстыру немесе толықтыру сәтінде балама құралдардың нақты қалыптасқан үлесі қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының инвестициялық
операцияларын жүзеге асыру
ережесіне 3-қосымша

Кірісі белгіленген бағалы қағаздар портфелінің және жинақ портфелінің құрамындағы акциялар портфелінің нарықтық құнының жол берілетін ауытқулары

Ескерту. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының
инвестициялық операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
3-1-қосымша

Өту жоспары

Ескерту. Қағида 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2017 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының
инвестициялық операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
4-қосымша

Дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінің секторлық бөлінуі

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.04.2020 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Активтер түрі	Нарықтық құны (туынды қаржы құралдары үшін олардың негізінде жатқан қаржы құралдарының нарықтық құны пайдаланылады)	
	ең төменгі (пайызбен анықталады)	ең жоғарғы (пайызбен анықталады)
Ақша (ағымдағы шоттардағы қалдықтар; келесі жұмыс күні қайтару мүмкіндігімен ақша нарығының қорларына орналастырылған ақша), эталондық портфельге кіретін елдердің мемлекеттік (тәуелсіз) борыштық міндеттемелері және агенттік борыштық міндеттемелері	60	100
Халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелері	0	30
Эталондық портфельге кірмейтін елдердің мемлекеттік (тәуелсіз) борыштық міндеттемелері, агенттік борыштық міндеттемелері, эталондық портфельге кіретін елдердің муниципалдық борыштық міндеттемелері	0	40
Депозиттер (салымдар), оның ішінде репо операцияларынан депозиттерге (салымдарға) орналастырылған ақша	0	30
Туынды қаржы құралдары (Tracking Error бойынша шектеу арқылы реттеледі)	0	50
Құрылымдық өнімдер (жылжымайтын мүлікке кепілге салынған бағалы қағаздарды (MBS), активтерге кепілге салынған бағалы қағаздарды (ABS) қоспағанда)	0	30
Жылжымайтын мүлікке кепілге салынған бағалы қағаздар (MBS) және активтерге кепілге салынған бағалы қағаздар (ABS)	0	30
Корпоративтік және коммерциялық бағалы қағаздар, депозиттік сертификаттар	0	30

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының
инвестициялық операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша

Дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінің жеке басқарушысының портфеліндегі корпоративтік бағалы қағаздарға ұзақ мерзімді кредиттік рейтинг (Standard&Poor's)/Moody's) бойынша лимиттер

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Активтердің түрлері	Нарықтық құны	
	Ең төменгі	Ең жоғары
BBB/Вaa2-ден бастап қоса алғанда BBB+Вaa1 дейін (BBB/Вaa2 ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар үлес 2%-дан аспайды)	0%	4%
А-/А3 бастап қоса алғанда А/А2 дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар	0%	8%
А+/А1 бастап қоса алғанда АА-/Аa3 дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар	0%	12%

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының
инвестициялық операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
6-қосымша

Эталондық портфельге кірмейтін дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары, агенттік борыштық міндеттемелер, эталондық портфельге кіретін елдердің муниципалдық борыштық міндеттемелері, АА- (Standard&Poor's)/Аa3 (Moody's) және одан төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелері портфеліндегі ең жоғары ауытқулар

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Активтердің түрі	Нарық құны (пайызбен)	
	ең төменгі	ең жоғары
BBB/Вaa2 бастап BBB+/Вaa1 дейін қоса алғанда ұзақ мерзімді кредиттік рейтингімен (BBB/Вaa2		6

ұзақ мерзімді кредиттік рейтингімен үлес 3 (үш) пайыздан аспайды)	0	
A-/A3 бастап A/A2 дейін қоса алғанда ұзақ мерзімді кредиттік рейтингімен	0	9
A+/A1 бастап AA-/Aa3 дейін қоса алғанда ұзақ мерзімді кредиттік рейтингімен	0	18

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының
инвестициялық операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
6-1-қосымша

Жеке басқарушының дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары портфелінің секторлық бөлінуі

Ескерту. Қағида 6-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

№ р/с №	Активтердің түрлері	Нарықтық құны (туынды қаржы құралдары үшін олардың негізінде жатқан қаржы құралдарының нарықтық құны пайдаланылады)	
		ең төменгі (пайызбен)	ең жоғары (пайызбен)
1	2	3	4
1	Ақша (ағымдағы шоттарда қалған валюта, келесі жұмыс күні қайтару мүмкіндігімен ақша нарығының қорларына орналастырылған қаржы активтері), елдердің мемлекеттік бағалы қағаздары және эталондық портфельге кіретін корпоративтік бағалы қағаздар	70	100
2	Эталондық портфельге кірмейтін елдердің мемлекеттік борыштық міндеттемелері және корпоративтік бағалы қағаздар, эталондық индекске кіретін елдердің агенттік борыштық міндеттемелері,		30

	халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелері	0	
3	Депозиттер (салымдар)	0	20
4	Туынды қаржы құралдары (Tracking Error бойынша шектеумен реттеледі)	0	50
5	Коммерциялық бағалы қағаздар	0	20

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының
инвестициялық операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
6-2-қосымша

Корпоративтік облигациялар портфелінің секторлық бөлінуі

Ескерту. Қағида 6-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Активтердің түрлері	Нарықтық құны (туынды қаржы құралдары үшін олардың негізінде жатқан қаржы құралдарының нарықтық құны пайдаланылады)	
	ең төменгі (пайызбен)	ең жоғары (пайызбен)
Ақша (ағымдағы шоттарда қалған валюта, келесі жұмыс күні қайтару мүмкіндігімен ақша нарығының қорларына орналастырылған қаржы активтері)	0	15
Эталондық портфельге кіретін корпоративтік бағалы қағаздар	70	100
Эталондық портфельге кірмейтін корпоративтік бағалы қағаздар	0	15
Эталондық портфельге кіретін елдердің мемлекеттік борыштық міндеттемелері, эталондық портфельге кіретін елдердің агенттік борыштық міндеттемелер , халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелері	0	15
Депозиттер (салымдар)	0	15
Туынды қаржы құралдары (Tracking Error бойынша шектеумен реттеледі)	0	50

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қорының инвестициялық
операцияларын жүзеге асыру
ережесіне 7-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін валюталар кластары және түрлері бойынша бөлу

Ескерту. 7-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2009.11.30 N 107 (15.12.2009 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының инвестициялық
операцияларын жүзеге асыру
ережесіне 8-қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры портфелінің құрамы

Ескерту. 8-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2009.11.30 N 107 (15.12.2009 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының инвестициялық
операцияларын жүзеге асыру
ережесіне 9-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының портфелін басқару нәтижелерін талдау

Ескерту. 9-қосымша алып тасталды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2009.11.30 N 107 (15.12.2009 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының
инвестициялық операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
10-қосымша

Жаһандық балама құралдар портфелінің активтер сыныптары бойынша секторлық бөлінуі

Ескерту. Қағидалар 10-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.12.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

P/c №	Активтер сыныбы	Жаһандық балама құралдар портфелінің бастапқы толықтырудан кейін 5 жыл кезеңіндегі нарықтық құны (пайызбен)		Жаһандық балама құралдар портфелінің бастапқы толтырғаннан кейін 5 жыл өткен соң нарықтық құны (пайызбен)	
		ең төменгі	ең жоғары	ең төменгі	ең жоғары
1	Жеке капитал	0	65	0	70
2	Хедж-корлар	0	30	0	30
3	Жылжымайтын мүлік	0	40	0	40
4	Инфрақұрылым	0	30	0	30
5	Жеке борыш	0	15	0	15

6	Облигациялар	0	20	0	15
7	Акциялар	0	30	0	15

Ескертпе: 6 және 7-жолдар бойынша облигациялар мен акциялардың жиынтық көлемі жаһандық балама құралдар портфелін бастапқы толықтырғаннан кейін 5 (бес) жылдан аспайтын жаһандық балама құралдар портфелін қалыптастыру кезеңінде 40 (қырық) пайыздан аспайды. Жаһандық балама құралдар портфелін қалыптастыру кезеңі өткеннен кейін облигациялар мен акциялардың жиынтық көлемі 15 (он бес) пайыздан аспайды.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қорының
инвестициялық операцияларын
жүзеге асыру қағидаларына
11-қосымша

Жаһандық балама құралдар портфелі үшін транзиттік кезеңге арналған портфель референсінің параметрлері

Ескерту. Қағидалар 11-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 11.03.2026 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Кезең	Портфель референсінің параметрлері
1	Транзиттік кезеңнің бірінші жылы	Портфель референсі АҚШ долларымен өлшенетін 35 (отыз бес) пайыз MSCI ACWI IMI Net Total Return USD Index индексінен және 65 (алпыс бес) пайыз Bloomberg Global-Aggregate Total Return Index Value Hedged USD индексінен тұрады.
2	Транзиттік кезеңнің екінші жылы	Портфель референсі АҚШ долларымен өлшенетін 50 (елу) пайыз MSCI ACWI IMI Net Total Return USD Index индексінен және 50 (елу) пайыз Bloomberg Global-Aggregate Total Return Index Value Hedged USD индексінен тұрады.
3	Транзиттік кезеңнің үшінші жылы	Портфель референсі АҚШ долларымен өлшенетін 65 (алпыс бес) пайыз MSCI ACWI IMI Net Total Return USD Index индексінен және 35 (отыз бес) пайыз Bloomberg Global-Aggregate Total Return Index Value Hedged USD индексінен тұрады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілерінің
тізбесі**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 20 маусымдағы N 237 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1568 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында 2001 жылғы 2-15 шілдеде жарияланған).

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1568 нөмірімен тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 20 маусымдағы N 237 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2002 жылғы 24 қазандағы N 426 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2048 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында 2004 жылғы 19 шілде - 15 тамызда жарияланған).

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1568 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 20 маусымдағы N 237 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 1 қыркүйектегі N 322 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2518 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында 2003 жылғы 6-19 желтоқсанда жарияланған)

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 237 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 167 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4032 тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК